«Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының Республикалық штабы
010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Ә.Мәмбетов көшесі, 2/1-үй, 3-пәт.
Тел.: 8 (708) 477 9500

Республиканский штаб молодежных трудовых отрядов «Жасыл ел»
010000, Республика Казахстан, г. Астана, ул. А.Мамбетова, д. 2/1, кв. 3
Тел.: 8 (708) 477 9500

№012-25, 02.04.2025ж.

«Қостанай қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» ММ

«Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары Республикалық штабы 14245655-1 Қостанай қаласындағы «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер әлеуметтік жобасының қорытындысымен келіспейтінін хабарлайды. Комиссия құрамы әлеуетті өнім берушіні Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігіне сәйкес келмейді, атап айтқанда іс-шаралардың атауымен егжей-тегжейлі жоспар, іс-шаралардың нысаны, Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша өткізу орны мен мерзімдері кестеленбеген, сондай-ақ күтілетін нәтижелер, яғни жобаны іске асыру процесінде қол жеткізілетін оң өзгерістер кестеленбеген себебімен конкурсқа қатыстырудан бас тартқан. Бірақ әлеуетті өнім берушінің әзірлеген жобалық өтінімінде Тапсырыс берушінің техникалық қызметтерінде көрсетілген барлық өнімдер қамтылған.

Жобаның жеңімпазы атанып отырған «DamU.KST» ЖҚБ ұйымының да сәйкессіздіктер табылды:

1. Әлеуетті өнім берушінің «Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында» болуы туралы мәліметтер деген бөлікке **2 балл** берілген. Бірақ дерекқорға сәйкес олар 2024 жылға арналған есепті уақытылы тапсырмаған. Бұл жерде **0 балл** берілу керек.

БИН	Наименование на русском	Наименование на казахском	ОПФ	Направление деятельности	Регион	Период отчета	Дата отправк
191240014016	Молодежное общественное объединение «DamU.KST»	«DamU.KST» Жастар қоғамдық бірлестігінің	Общественное объединение	Поддержка молодежной политики и детских инициатив	Костанайская область	2023	09-01-202 00:00:00

2. Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы деген бөлікке **6 балл** берілген. Бірақ ұйым 2020-2024 жылдары ғана жобалармен жұмыс жасаған. Осыған сәйкес, бұл жерде **5 балл** берілуі керек. Яғни, әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласындағы әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесі екі жылдан астам және бес жылға дейін қоса алғанда.

3. Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** еңбек өтілі мен біліктілігі (Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына (ҚР Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда № 17314 болып тіркелген) бөлігі бойынша «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары Республикалық штабына 0 балл берілген. Бірақ әлеуетті өнім берушінің конкурс талаптарына сәйкес

барлық расталған құжаттары бар. Бұл жерде «DamU.KST» ЖҚБ-не берілген секілді 4 балл берілуі керек. Яғни, Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) бағдарламаның қызмет түрлеріне сәйкес келетін жеткілікті еңбек өтілі мен біліктілігі бар, олар сәйкесінше құжаттармен расталған.

Жоғарыдағы кемшіліктерді атай келе, келесідей балл беру жүйесі қалыптасады:

1	**2**	**3**	**4**	**5**	**6**	**7**	**8** **Жалпы балл**
«DamU.KST»	6	2	0	5	2	4	**19**
«Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары Республикалық штабы	6	2	2	8	0	4	**22**

Жоғарыда көрсетілген мәселеге байланысты, осы хат конкурс комиссиясына шағым болып табылады. Конкурс құжаттарын қайта қарап нәтижелерін қайта ұсынуды сұраймыз.

Басшы **Н.Бекматов**

☏ *jasyl_el@mail.ru, +7 708 477 9500*